

№3 Әдістемелік отырыс хаттамасы

Күні: «6» 01 2026ж.

Төрайымы: Өміртаева Сәуле Бауыржанқызы

Хатшы: Сейіткерім Пәкизат Саябекқызы

Күн тәртібінде:

1. Кәсіби конкурстардың көрсеткіштері: жетістіктер мен кедергілер.
2. «Мұғалімнің кәсіби өсу жолдары мен озат тәжірибе таратудың тетіктері».
3. Педагогтерді аттестаттаудың жаңа ережесі мен «Ұстаз» платформасымен таныстыру.
4. «Жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалім»: педагогтердің шығармашылық ізденіс бағыттары.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Қабденова Г.К. сөз сөйледі. Ол өткен кезеңдегі кәсіби конкурстардың қорытындысына тоқталды. Оқытушылардың жетістіктерін атап өтіп, дайындық барысында кездесетін негізгі кедергілерді (уақыт тапшылығы, техникалық база) талдады.

Екінші мәселе бойынша Өміртаева С.Б. баяндама жасады. «Мұғалімнің кәсіби өсу жолдары мен озат тәжірибе таратудың тетіктері» тақырыбында әдістемелік шеберлікті арттыру, авторлық бағдарламалар мен мақалалар жариялаудың маңыздылығын түсіндірді.

Үшінші мәселе бойынша Қабденова Г.К. педагогтерді аттестаттаудың жаңа ережелерімен және «Ұстаз» платформасының жұмыс істеу алгоритмімен таныстырды. Құжаттарды жүктеу мерзімдері мен портфолиоға қойылатын талаптарды ескертті.

Төртінші мәселе бойынша Саламат Ж.К. жасанды интеллектті (AI) білім беру үрдісінде қолдану мүмкіндіктері туралы айтты. Мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарын жеңілдету және сабақ сапасын арттыру үшін заманауи технологияларды игеру қажеттілігін атап өтті.

II. ТАЛҚЫЛАУ:

Мұғалімдер аттестаттаудан өту үшін платформаға тіркелу барысындағы қиындықтар туралы сұрады.

III. ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Кәсіби конкурстарға қатысушыларға әдістемелік қолдау күшейтілсін.
2. Әрбір пән мұғалімі өзінің озат тәжірибесін тарату бойынша (ашық сабақ, мақала, шеберлік сағаты) нақты жоспар құрсын.
3. Педагогтер аттестаттаудың жаңа ережелеріне сәйкес портфолиоларын «Ұстаз» платформасына уақытылы дайындасын.
4. Оқу үрдісіне жасанды интеллект құралдарын енгізу бойынша шығармашылық топ жұмысы жандандырылсын.

Кеңес төрайымы: С. Ә. Ә. Өміртаева С.Б.

Кеңес хатшысы: Сейіткерім Сейіткерім П.С.